

<p align="center">Приложение 12 к Регламенту оказания брокерских (агентских) услуг на рынке ценных бумаг, утвержденному решением Совета директоров Публичной компании Freedom Finance Global PLC от 28 июля 2023 г.</p>	<p align="center">Freedom Finance Global PLC жария компаниясы Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 16 қарашадан бастап шешімімен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік (агенттік) қызметтер көрсету Регламентіне 12-қосымша</p>
<p>Условия участия в публичных размещениях</p>	<p>Ашық орналастыруға қатысу шарттары</p>
<p>Настоящие Условия участия в публичных размещениях (далее – Условия) являются приложением 12 к Регламенту оказания брокерских (агентских) услуг на рынке ценных бумаг (далее – Регламент) и определяют общие условия, на которых Публичная компания Freedom Finance Global PLC (далее – Компания) оказывает предусмотренные Регламентом услуги инвесторам, которые заключили с Компанией договор путем присоединения к Регламенту (далее – Клиенты), и которые намерены приобрести ценные бумаги в рамках их первичного публичного предложения (IPO) или вторичного публичного предложения (SPO) (далее совместно и по-отдельности – Публичное размещение, ПР).</p>	<p>Осы Ашық орналастыруға қатысу шарттары (бұдан әрі – Шарттар) Бағалы қағаздар нарығында брокерлік (агенттік) қызметтер көрсету регламентіне (бұдан әрі – Регламент) 12-қосымша болып табылады және Finance Global PLC жария компаниясы (бұдан әрі – Компания) Регламентке қосылу арқылы Компаниямен шарт жасасқан (бұдан әрі – Клиенттер) және өздерінің бастапқы ашық ұсынысының (IPO) немесе қайталама ашық ұсынысының (SPO) (бұдан әрі бірлесіп және бөлек – Ашық орналастыру, АО) шеңберінде бағалы қағаздарды сатып алуға ниетті инвесторларға қызмет көрсететін жалпы талаптарды анықтайды.</p>
<p>1. Общие принципы участия в публичных размещениях</p>	<p>1. Ашық орналастыруға қатысудың жалпы қағидаттары</p>
<p>1.1 Компания вправе, но не обязана по своему усмотрению предоставлять Клиентам возможность совершения сделок по приобретению ценных бумаг в рамках ПР в соответствии с общими положениями, установленными настоящими Условиями.</p> <p>Компания вправе уведомлять Клиентов об указанной возможности любым способом, предусмотренным в Регламенте, в том числе по электронной почте, SMS, по телефону и/или по факту предоставлять указанную возможность в системе интернет-трейдинга Компании «TraderNet» (далее – TraderNet).</p> <p>1.2 Компания вправе устанавливать особые и/или дополнительные условия, применимые к участию в конкретном ПР, в том числе условия, касающиеся приема и исполнения заявок, периода блокировки, комиссий, заключения сделок и расчетов по ним.</p>	<p>1.1 Компания өз қалауы бойынша Клиенттерге осы Шарттарда анықталған жалпы ережелерге сәйкес АО шеңберінде бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәмілелер жасау мүмкіндігін беруге құқылы, бірақ міндетті емес.</p> <p>Компания көрсетілген мүмкіндік туралы Клиенттерді Регламентте көзделген кез келген тәсілмен, соның ішінде электронды пошта, SMS, телефон арқылы және/немесе Компаниясының «TraderNet» (бұдан әрі – TraderNet) интернет-трейдинг жүйесінде хабардар етуге және/немесе іс жүзінде көрсетілген мүмкіндікті ұсынуға құқылы.</p> <p>1.2 Компания нақты АО-ға қатысу үшін қолданылатын арнайы және/немесе қосымша шарттарды, соның ішінде өтінімдерді қабылдауға және орындауға, бұғаттау мерзіміне, комиссияларға, солар бойынша мәмілелер мен есеп айырысуларға қатысты шарттарды анықтауға құқылы</p>

<p>1.2.1 В случае установления особых и/или дополнительных условий Компания в разумный срок до даты ПР направляет Клиентам уведомление о таких условиях (далее – Уведомление) одним или несколькими способами в соответствии с пунктом 21.3 Регламента.</p>	<p>1.2.1 Арнайы және/немесе қосымша талаптар анықталған жағдайда, Компания АО күніне дейін ақылға қонымды уақыт ішінде Клиенттерге осындай талаптар туралы хабарламаны (бұдан әрі - Хабарлама) Регламенттің 21.3- тармағына сәйкес бір немесе бірнеше тәсілмен жолдайды.</p>
<p>1.2.2 Соответствующее Уведомление будет изменять и/или дополнять положения Регламента и настоящих Условий применительно к участию в конкретном ПР, указанном в уведомлении.</p>	<p>1.2.2 Тиісті Хабарлама хабарламада көрсетілген нақты АО-ға қатысуға қатысты Регламенттің және осы Шарттардың ережелерін өзгертетін және/немесе толықтыратын болады.</p>
<p>1.2.3 Направляя Компании поручение на заключение сделки в рамках такого конкретного ПР, Клиент подтверждает свое согласие с Уведомлением и с указанными в нем условиями.</p>	<p>1.2.3 Компанияға мұндай нақты АО шеңберінде мәміле жасасуға тапсырманы жібере отырып, Клиент Хабарламамен және онда көрсетілген талаптармен өзінің келісін растайды.</p>
<p>1.3 Во избежание сомнений, условия участия в ПР, не указанные в настоящих Условиях и/или Уведомлении, определяются (а) эмитентом размещаемых ценных бумаг и/или (б) агентом / организатором сбора заявок на участие в ПР, и/или (в) биржей / организатором торгов / многосторонней торговой площадкой, на которых происходит ПР, и/или (г) контрагентом по сделке в рамках ПР (далее совместно и по отдельности – Участник ПР).</p> <p>Компания предпринимает разумные усилия для предоставления Клиентам информации от Участников ПР и/или об источнике такой информации, при этом возможностью и ответственностью Клиентов является самостоятельное и своевременное ознакомление с той информацией Участников ПР, которая находится в открытом доступе.</p>	<p>1.3 Күмән тудырмас үшін осы Шарттарда және/немесе Хабарламада көрсетілмеген АО-ға қатысу талаптарын (а) орналастырылған бағалы қағаздардың эмитенті және/немесе (ә) АО-ға қатысуға өтінімдерді жинаушы агент/ұйымдастырушы, және/немесе (б) АО орын алатын биржа/ сауда-саттықты ұйымдастырушы/ көпжақты сауда алаңы және/немесе (в) АО шеңберіндегі мәміле бойынша контрагент (бұдан әрі – бірлесіп және бөлек – АО Қатысушысы) анықтайды.</p> <p>Компания Клиенттерге АО Қатысушыларынан және/немесе мұндай ақпараттың көзі туралы ақпаратты ұсыну үшін ақылға қонымды күш-жігерін жұмсайды, бұл ретте Клиенттердің мүмкіндігі мен жауапкершілігі АО Қатысушыларының ашық қолжетімділіктегі сол ақпаратымен дербес және уақтылы танысуы болып табылады.</p>
<p>1.4 Клиент понимает и соглашается, что условия участия в ПР могут предполагать частичное или нулевое удовлетворение заявок и, соответственно, поручений Клиента в соответствии с порядком и критериями, которые могут быть указаны в Условиях и/или в Уведомлении, и/или в информации Участников ПР.</p>	<p>1.4 Клиент АО-ға қатысу талаптары Шарттарда және/немесе Хабарламада және/немесе АО қатысушыларының ақпаратында көрсетілуі мүмкін тәртіп пен өлшемдерге сәйкес өтінімдердің және сәйкесінше Клиенттердің тапсырмаларын ішінара немесе нөлдік қанағаттандыруды көздеуі мүмкін екенін түсінеді және келіседі.</p>
<p>1.5 Комиссии за исполнение Поручений в рамках ПР определяются в Приложении 3 к Регламенту.</p> <p>Для отдельных ПР могут устанавливаться специальные тарифы и комиссии, информация о них указывается в</p>	<p>1.5 АО шеңберінде Тапсырмаларды орындау жөніндегі комиссиялар Регламентке 3- қосымшада анықталған.</p> <p>Жекелеген АО-лар үшін арнайы тарифтер мен комиссиялар белгіленуі мүмкін, олар туралы ақпарат Хабарламада көрсетіледі.</p>

<p>Уведомлении.</p> <p>1.6 Направление Клиентом поручения на приобретение ценных бумаг в рамках ПР (далее – Поручение) является полным и безоговорочным согласием Клиента на условия, указанные в настоящих Условиях, в том числе на внесение Компанией соответствующих изменений / дополнений в Условия применительно ко всем, категориям или конкретным ПР.</p>	<p>1.6 Клиенттің АО шеңберінде бағалы қағаздарды сатып алуға тапсырманы жолдауы (бұдан әрі – Тапсырма), Клиенттің осы Шарттарда көрсетілген талаптарға, соның ішінде Компанияның Шарттарға барлық санаттарға немесе нақты АО-ға қатысты тиісті өзгерістер/толықтырулар енгізуіне толық және сөзсіз келісімі болып табылады.</p>
<p>2. Обеспечение активов на счете</p>	<p>2. Шоттағы активтерді қамтамасыз ету</p>
<p>2.1 Клиент, намеренный приобрести определенное количество ценных бумаг в рамках ПР, заблаговременно (но не позднее сроков, указанных в Уведомлении, при направлении такового Компанией) обеспечивает:</p> <p>(a) наличие на брокерском счете в Компании суммы денежных средств, достаточной для приобретения такого количества ценных бумаг, в валюте цены размещения, или</p> <p>(b) наличие на брокерском счете в Компании активов (денежных средств в иной валюте и/или ценных бумаг), которые могут являться и являются достаточным обеспечением для заключения Клиентом маржинальной сделки в рамках ПР (далее – Активы), если по условиям конкретного ПР Компания допускает приобретение Клиентом размещаемых ценных бумаг посредством маржинальной сделки, и</p> <p>(c) получение Компанией Поручения.</p> <p>2.2 Компания вправе, но не обязана (a) принимать к исполнению Поручения, исполнение которых не обеспечено средствами в требуемой валюте и/или Активами к указанному в Уведомлении времени и/или полученные Компанией после указанного в Уведомлении времени, и/или (b) направлять Участникам ПР такие Поручения и/или информацию о таких Поручениях, и/или основанные на таких Поручениях заявки, – Компания в данном случае вправе отменить такие Поручения.</p> <p>2.3 При этом Компания вправе, но не обязана принять к исполнению Поручения,</p>	<p>2.1 АО шеңберінде бағалы қағаздардың белгілі санын сатып алуға ниетті клиент, алдын ала (бірақ Компания жіберген жағдайда Хабарламада көрсетілген мерзімдерден кешіктірмей) мыналады:</p> <p>(a) Компанияның брокерлік шотында осындай бағалы қағаздарды орналастыру бағасының валютасында сатып алуға жеткілікті ақшалай қаражат сомасының болуын, немесе</p> <p>(b) егер нақты АО талаптары бойынша Компания Клиенттің орналастырылатын бағалы қағаздарды маржиналдық мәміле арқылы сатып алуына жол берсе, онда Компанияның брокерлік шотында Клиентпен АО шеңберінде маржиналдық мәмілені жасасу үшін жеткілікті қамтамасыз ету болып табылуы мүмкін және табылатын (бұдан әрі - Активтер) активтердің (өзге де валютадағы ақшалай қаражаттың және/немесе бағалы қағаздардың) болуын, және</p> <p>(c) Компанияның тапсырманы алуын қамтамасыз етеді.</p> <p>2.2 Компания (a) орындалуы Хабарламада көрсетілген уақытта және/немесе Компания Хабарламада көрсетілген уақыттан кейін талап етілетін валютада және/немесе Активтерде қамтамасыз етілмеген алған Тапсырмаларды орындауға қабылдауға, және/немесе (b) АО Қатысушыларына мұндай Тапсырмаларды және/немесе мұндай Тапсырмаларға негізделген ақпаратты жолдауға құқылы, бірақ міндетті емес.- Компания бұл жағдайда мұндай Тапсырмалардан бас тартуға құқылы.</p> <p>2.3 Бұл ретте Компания Хабарламада көрсетілген мерзімде орындалуы талап</p>

<p>исполнение которых к указанному в Уведомлении времени не полностью обеспечено средствами в требуемой валюте и/или Активами, уменьшив указанное в Поручении количество ценных бумаг до целого значения таким образом, чтобы фактического остатка денежных средств в требуемой валюте и/или Активов на брокерском счете Клиента на момент обработки Поручения Компанией было достаточно для приобретения такого уменьшенного целого количества ценных бумаг.</p>	<p>етілетін валютадағы қаражатпен және/немесе Активтермен толық қамтамасыз етілмеген Тапсырмаларды, Тапсырмада көрсетілген бағалы қағаздардың санын Клиенттің брокерлік шотындағы талап етілетін валютадағы ақшалай қаражаттың және /немесе Активтердің нақты қалдығы Компания Тапсырмаларды өңдейтін сәтте бағалы қағаздардың осындай азайтылған тұтас санын алу үшін жеткілікті болатындай етіп, азайтумен Тапсырманы орындауға қабылдауға құқылы, бірақ міндетті емес.</p>
<p>3. Направление клиентом Поручения</p>	<p>3. Клиенттің Тапсырманы жолдауы</p>
<p>3.1 Клиент направляет Компании Поручения исключительно посредством TraderNet.</p> <p>Компания вправе, но не обязана принять к исполнению Поручения, направленные Клиентом иным способом коммуникации.</p> <p>3.2 Компания вправе в соответствии с документами Компании и/или документами Участников ПР, и/или применимыми к ПР регулированием провести оценку соответствия Клиента критериям для участия в ПР и/или для совершения операций через Компанию, в том числе оценку актуальности и достоверности предоставленных Клиентом документов и иной информации.</p> <p>3.3 Компания вправе отказать в приеме Поручения ПР и/или в совершении операций в случае наличия у Компании сомнений, что участие Клиента в ПР будет полностью соответствовать требованиям регулирования, Компании и/или Участников ПР.</p> <p>3.4 Также Компания вправе провести комплексную оценку активов Клиента, истории и объемов его торговых операций в Компании для отнесения Клиента к той или иной группе Клиентов в зависимости от рейтинга для участия в ПР (далее – Рейтинг).</p> <p>3.5 Клиент подтверждает, что самостоятельно принял решение о факте участия и об условиях участия в ПР, Компания не предоставляла Клиенту соответствующей персональной инвестиционной рекомендации.</p>	<p>3.1 Клиент Компанияға Тапсырманы тек TraderNet арқылы ғана жолдайды.</p> <p>Компания Клиент басқа байланыс тәсілімен жіберген Тапсырмаларды орындауға қабылдауға құқылы, бірақ міндетті емес.</p> <p>3.2 Компания Компанияның құжаттарына және/немесе АО Қатысушыларының құжаттарына және/немесе АО-ға қолданылатын реттеуге сәйкес Клиенттің АО-ға қатысу және/немесе Компания арқылы операцияларды жасау өлшемдеріне сәйкестігін, соның ішінде Клиент ұсынған құжаттардың және өзге де ақпараттың өзектілігі мен сенімділігін бағалау жүргізуге құқылы.</p> <p>3.3 Компания, Клиенттің АО-ға қатысуы реттеу талаптарына, Компанияның және/немесе АО Қатысушыларының талаптарына толық сәйкес келетініне күмәні болған жағдайда, АО Тапсырмасын қабылдаудан және /немесе орындаудан бас тартуға құқылы.</p> <p>3.4 Компания сонымен қатар, АО қатысу рейтингіне (бұдан әрі – Рейтинг) байланысты Клиентті қандай да бір Клиенттер тобына жатқызу үшін Клиенттің активтерін, оның сауда-саттық операцияларының тарихы мен көлемін кешенді бағалауды жүргізуге құқылы.</p> <p>3.5 Клиент АО-ға қатысу фактісі және қатысу талаптары туралы шешімді өз бетінше қабылдағанын, Компанияның Клиентке тиісті дербес инвестициялық ұсыныстар бермеген растайды.</p>

<p>Любые аналитические и/или маркетинговые материалы Компании в связи с ПР отражают исключительно мнение авторов таких материалов, Компания не позиционирует такие материалы как совет, предположение или гарантию в отношении перспектив и результатов участия в ПР, характеристик Участников ПР и/или потенциальной стоимости ценных бумаг.</p> <p>Компания не несет ответственности перед Клиентом ни за результат исполнения Поручения Компанией и/или результат исполнения сделок Участниками ПР, ни за соответствие размещаемых бумаг финансовым целям Клиента, ни за финансовый результат Клиента от участия в ПР.</p>	<p>Компанияның АО-ға байланысты кез келген аналитикалық және/немесе маркетингтік материалдары тек осындай материалдар авторларының пікірін көрсетеді, Компания АО-ға қатысу перспективалары мен нәтижелеріне қатысты кеңес, болжам немесе кепілдік, АО қатысушыларының сипаттамалары және/немесе бағалы қағаздардың ықтимал құны секілді материалдарды орналастырмайды.</p> <p>Компания Клиенттің алдында Компанияның Тапсырманы орындау нәтижесі және/немесе АО Қатысушыларының мәмілелерді орындау нәтижесі үшін де, орналастырылған бағалы қағаздардың Клиенттік мақсаттарына сәйкестігі үшін де, Клиенттің АО-ға қатысуының қаржылық нәтижесі үшін жауап бермейді.</p>
<p>4. Направление Компанией заявки</p>	<p>4. Компанияның өтінімді жолдауы</p>
<p>4.1 В случае если Компания принимает Поручение к исполнению, Компания исполняет такое Поручение исключительно в качестве брокера (агента), а именно Компания направляет одному или нескольким Участникам ПР такое Поручение и/или информацию о таком Поручении, и/или основанную на таком Поручении заявку.</p> <p>4.2 Условия принятия и исполнения заявок на приобретение ценных бумаг в рамках ПР предполагает, что Клиент предоставляет Компании право самостоятельно по усмотрению Компании определить условия, указание которых необходимо в заявке, с учетом условий, указанных Клиентом в Поручении, в том числе (помимо прочего) место и время исполнения заявки (Поручения), а также одного или нескольких Участников ПР.</p> <p>4.3 Если у Компании оформлен доступ к торгам более одного организатора торгов и/или более многосторонних торговых площадок, на которой совершаются сделки в рамках ПР, то направление Клиентом Поручения является подтверждением Клиента о предоставлении Клиентом Компании безусловного права и полномочия по усмотрению Компании осуществить выбор одного или нескольких организаторов торгов и/или многосторонних торговых площадок для исполнения заявки (Поручения), а также выбор времени и количества Ценных бумаг по конкретной заявке для ее направления Участникам ПР.</p>	<p>4.1 Компания Тапсырманы орындауға қабылдаған жағдайда, Компания осындай Тапсырманы тек брокер (агент) ретінде орындайды, атап айтқанда, Компания бір немесе бірнеше АО Қатысушыларына осындай Тапсырманы және/немесе осындай Тапсырма туралы ақпаратты, және/немесе осындай Тапсырмаған негізделген өтінімді жолдайды</p> <p>4.2 АО шеңберінде бағалы қағаздарды сатып алу өтінімдерін қабылдау және орындау шарттарын, Клиент Компанияға Компанияның қалауы бойынша Клиент өтінімде көрсетілуі тиіс Тапсырмада көрсеткен талаптарды ескерумен, соның ішінде (басқалармен қатар), өтінімді (Тапсырманы) орындау орны мен уақытын, сондай ақ бір немесе бірнеше АО Қатысушыларын көрсетумен беретінін көздейді.</p> <p>4.3 Егер Компанияның АО шеңберінде мәмілелер жасалатын бірден астам сауда-саттық ұйымдастырушысының және/немесе көпжақты сауда-саттық алаңдарынан астам сауда-саттықтарға қолжетімділігі ресімделген болса, онда онда Клиенттің Тапсырманы жолдауы Клиенттің Компанияға Компанияның қалауы бойынша өтінімді (Тапсырманы) орындау үшін, бір немесе бірнеше сауда-саттық ұйымдастырушысын және/немесе көпжақты сауда-саттық алаңдарын таңдауды, сондай-ақ мерзімі мен санын таңдауды жүзеге асыруына шартсыз құқық пен өкілеттік бергенін растау болып</p>

<p>4.4 Клиент понимает и соглашается, что каждый Участник ПР может устанавливать иные/ дополнительные условия направления, получения и удовлетворения заявок Компании, в таком случае Компания не несет ответственности за результат исполнения Поручений Клиентов, который обусловлен отличием условий совершения сделок Участниками ПР в рамках ПР от условий, указанных в настоящих Условиях и/или Уведомлении.</p>	<p>табылады.</p> <p>4.4 Клиент әрбір АО Қатысушысы Компанияның өтінімдерін жолдау, алу және қанағаттандыру үшін өзге де/қосымша талаптарды белгілей алатынын түсінеді және келіседі, бұл жағдайда Компания АО-қатысушылардың АО шеңберінде мәмілелерді жасау талаптарының осы Шарттарда және/немесе Хабарламада көрсетілген талаптардан айырмашылығына байланысты Клиенттердің Тапсырмаларын орындау нәтижесіне жауапкершілік алмайды.</p>
<p>5. Расчеты по сделке</p>	<p>5. Мәміле бойынша есеп айырысулар</p>
<p>5.1 Порядок, принципы, очередность и объем удовлетворения заявок (а, соответственно, Поручений Клиентов) в рамках ПР могут быть определены Участниками ПР и/или Компанией.</p> <p>5.2 Таким образом, заявки Компании (а соответственно и Поручения Клиентов) могут быть удовлетворены полностью, удовлетворены частично или не удовлетворены полностью.</p> <p>Компания не несет ответственности за определение итогового количества ценных бумаг, которое Клиент приобретет или не приобретет на основании своего Поручения в рамках ПР.</p> <p>5.3 Компания вправе по своему усмотрению определять количество ценных бумаг, которые Клиент приобретает в рамках ПР, с учетом ряда критериев, в частности с учетом количества ценных бумаг:</p> <p>(а) указанных Клиентом в Поручении,</p> <p>(b) проданных одним или несколькими Участниками ПР конкретному Клиенту, группе Клиентов или всем Клиентам,</p> <p>(с) причитающихся Клиенту в соответствии с Рейтингом.</p> <p>5.4 Компания не несет ответственности за:</p>	<p>5.1 АО шеңберінде өтінімдерді (және тиісінше Клиенттердің Тапсырмаларын) қанағаттандыру тәртібін, қағидаттарын, реттілігін және көлемін АО Қатысушылары және/немесе Компания анықтай алады.</p> <p>5.2 Осылайша, Компанияның өтінімдері (және, сәйкесінше, Клиенттердің Тапсырмалары да) толық қанағаттандырылған, ішінара қанағаттандырылған немесе толық қанағаттандырылмаған болуы мүмкін.</p> <p>Компания бағалы қағаздардың қорытынды санын анықтауға жауапты емес, оны Клиент АО шеңберіндегі өз Тапсырмасының негізінде сатып алады немесе алмайды.</p> <p>5.3 Компания өз қалауы бойынша Клиенттің АО шеңберінде сатып алатын бағалы қағаздардың санын бірқатар өлшемдерді ескере отырып, атап айтқанда:</p> <p>(а) Тапсырмадағы Клиент көрсеткен,</p> <p>(b) бір немесе бірнеше АО Қатысушылары белгілі бір Клиентке, Клиенттер тобына немесе барлық Клиенттерге сатқан,</p> <p>(с) Рейтингке сәйкес Клиентке тиесілі бағалы қағаздардың санын ескере отырып анықтауға құқылы.</p> <p>5.4 Компания мыналарға жауапты емес:</p>
<p>(а) результат (не)удовлетворения заявок в рамках ПР или рассмотрение их внутри определенной очереди;</p>	<p>(а) АО шеңберінде өтінімдерді қанағаттандыру(мау) немесе белгілі бір кезек бойынша оларды қарау нәтижесі;</p>

(b) сроки и количество зачисления ценных бумаг на брокерский счет Клиента в результате ПР;	(b) АО нәтижесінде Клиенттің брокерлік шотына бағалы қағаздарды есепке алу мерзімі мен саны;
(c) расходы Участников ПР или иных третьих лиц, которые Клиенты понесут в результате ПР.	(c) АО Қатысушыларының немесе басқа үшінші тұлғалардың АО нәтижесінде Клиенттер көтеретін шығындары.
6. Рейтинг Клиента для участия в ПР	6. АО-ға қатысу үшін Клиенттің рейтингі
6.1 Компания не предоставляет каких-либо гарантий относительно того, что Клиент приобретет в рамках ПР указанное в Поручении количество ценных бумаг.	6.1 Компания АО шеңберінде Клиенттің Тапсырмада көрсетілген бағалы қағаздардың санын сатып алуына қатысты ешқандай кепілдік бермейді.
6.2 Компания вправе самостоятельно по своему усмотрению рассчитывать Рейтинг, а именно рассчитывать, увеличивать или уменьшать коэффициент аллокации в рамках ПР (соотношение указанного Клиентом в Поручении и фактически приобретаемого Клиентом количества ценных бумаг).	6.2 Компания Рейтингті дербес есептеуге құқылы, атап айтқанда, АО шеңберінде аллокация коэффициентін есептеуге, арттыруға немесе азайтуға (Клиент Тапсырмада көрсеткен бағалы қағаздар саны мен Клиент нақты сатып алған бағалы қағаздар сомасының арақатынасы) құқылы.
6.3 Конкретные значения Рейтинга определяются и рассчитываются Компанией для групп Клиентов на основании определенных критериев. Для каждой группы Клиентов значение Рейтинга предполагает идентичные и равные условия участия в ПР Клиентов, отнесенных Компанией к такому Рейтингу.	6.3 Рейтингтің нақты мәндерін Компания белгілі бір өлшемдер негізінде Клиенттер топтары үшін анықтайды және есептейді. Клиенттердің әрбір тобы үшін Рейтинг мәні Компаниямен осындай Рейтингке тағайындалған Клиенттердің АО-ға қатысуы үшін бірдей және тең шарттарды көздейді.
6.4 Рейтинг определяется Компанией для каждой группы Клиентов самостоятельно по своему усмотрению с учетом определенных критериев, которые Компания в TraderNet заблаговременно доносит до сведения Клиентов, в том числе (помимо прочего) с учетом:	6.4 Рейтингті Компания TraderNet-те Компания Клиенттерді алдын ала хабардар ететін белгілі бір өлшемдерді ескере отырып, Клиенттердің әрбір тобы үшін өз қалауы бойынша анықтайды, соның ішінде (бірақ олармен шектелмей):
(a) особенностей портфеля Клиента (перечня, количества, стоимости и срока учета ценных бумаг и валюты денежных средств на брокерском счете Клиента);	(a) Клиент портфелінің ерекшеліктері (тізбесі, саны, құны және бағалы қағаздарды есепке алу мерзімі және Клиенттің брокерлік шотындағы ақшалай қаражаттың валютасы);
(b) особенностей торговой активности Клиента (перечня, количества, стоимости и срока сделок (позиций) с финансовыми инструментами и денежными средствами (в разрезе валюты) на брокерском счете Клиента;	(b) Клиенттің сауда-саттық белсенділігінің ерекшеліктері (Клиенттің брокерлік шотындағы қаржы құралдарымен және ақшалай қаражатпен (валюта тұрғысынан) мәмілелердің (орналасымдарының) тізімі, саны, құны және мерзімі);
(c) особенностей маржинальной части портфеля Клиента (перечня, количества, стоимости и срока сделок (позиций) с ценными бумагами и денежными средствами (в разрезе валюты) на брокерском счете Клиента, которые являются результатом	(c) Клиент портфелінің маржиналдық бөлігінің ерекшеліктері (маржиналдық қарыздардың нәтижесі болып табылатын Клиенттің брокерлік шотындағы бағалы қағаздармен және ақшалай қаражатпен (валюта тұрғысынан) мәмілелерінің

<p>маржинальных займов);</p> <p>(d) инвестиционного профиля и/или риск-профиля Клиента, в том числе с учетом риск-ориентированного подхода Компании к доступу Клиента тем или иным услугам и продуктам Компании;</p> <p>(e) значений и/или критериев, предоставленных Участниками ПР;</p> <p>(f) иных критериев, параметров и особенностей операций Клиента на финансовых рынках, анализ которых проводит Компания и/или Участники ПР в контексте конкретного ПР, группы ПР или всех ПР.</p>	<p>(орналасымдарының) тізбесі, саны, құны және мерзімі);</p> <p>(d) Клиенттің инвестициялық профилі және/немесе тәуекел профилі, оның ішінде Компанияның белгілі бір қызметтері мен өнімдеріне Клиенттің қолжетімділігіне Компанияның тәуекелге негізделген тәсілін ескере отырып;</p> <p>(e) АО Қатысушылары ұсынған мәндер және/немесе өлшемдер;</p> <p>(f) нақты АО, АО тобы немесе барлық АО мәнмәтінінде талдауды Компания және/немесе АО Қатысушылары жүргізетін, Клиенттің қаржы нарықтарындағы операцияларының өзге де өлшемдері, параметрлері мен ерекшеліктері.</p>
<p>6.5 Компания оставляет за собой право ограничивать участие отдельных Клиентов и/или групп Клиентов в ПР, если Компания считает, что такое участие не соответствует применимому регулированию, профилю таких Клиентов и/или внутренним документам и политикам Компании.</p>	<p>6.5 Компания, егер Компания мұндай қатысу қолданыстағы ережелерге, осындай Клиенттердің профиліне және/немесе компанияның ішкі құжаттары мен саясатына қайшы келеді деп есептесе, жеке Клиенттердің және/немесе Клиенттер тобының АО-ға қатысуын шектеу құқығын өзіне қалдырады.</p>
<p>6.6 Рейтинг в каждый момент времени указывается Компанией каждому Клиенту (группе Клиентов с одинаковым Рейтингом) в TraderNet и/или предоставляется Компанией Клиенту по его запросу.</p>	<p>6.6 Компания рейтингті уақыттың әрбір сәтінде TraderNet жүйесінде әрбір Клиентке (бірдей Рейтингтегі Клиенттер тобына) көрсетеді және/немесе Компания Клиентке оның сұрау салуы бойынша ұсынады.</p>
<p>6.7 Факт направления Клиентом Поручения в рамках ПР является подтверждением согласия Клиента с Рейтингом, присвоенным Компанией Клиенту (группе Клиентов, к которым Компания отнесла Клиента) в соответствии с настоящими Условиями (и, если применимо, условиями Уведомления), в частности с условиями определения и применения Компанией рейтинга Клиента для участия в ПР.</p>	<p>6.7 Клиенттің АО шеңберінде Тапсырма жіберу фактісі Клиенттің Клиентке (Компания Клиентті тағайындаған Клиенттер тобына) Компания берген Рейтингпен Клиенттің келісімін растау осы Шарттарға (және қажет болса, Хабарлама шарттарына), атап айтқанда АО-ға қатысу үшін Компанияның Клиент рейтингін анықтау және қолдану шарттары болып табылады.</p>
<p>7. Дополнительные факторы Рейтинга</p>	<p>7. Рейтингтің қосымша факторлары</p>
<p>7.1 Компания вправе дополнительно учитывать следующие факторы, которые увеличивают Рейтинг для следующих групп Клиентов, которые:</p> <p>(a) являются клиентами провайдеров услуг, которые являются аффилированными лицами и/или партнерами Компании;</p>	<p>7.1 Компания Клиенттердің келесі топтары үшін Рейтингті арттыратын келесі факторларды қосымша есепке алуға құқылы, олар:</p> <p>(a) Компанияның үлестес тұлғалары және/немесе серіктестері болып табылатын қызмет жеткізушілердің клиенттері болып табылады;</p>

- (b) являются владельцами ценных бумаг определенных эмитентов и/или партнеров Компании не менее 3 (трех) месяцев;
- (c) участвуют в ПР, предлагаемых Компанией;
- (d) активно совершают торговые операции с использованием услуг Компании;
- (e) имеют диверсифицированный портфель ликвидных финансовых инструментов;
- (f) иные факторы, которые Компания определяет по своему усмотрению и сообщает Клиенту.

7.2 Компания вправе дополнительно учитывать следующие факторы, которые уменьшают Рейтинг для следующих групп Клиентов, которые:

- (a) не являются клиентами или являются клиентами незначительного количества провайдеров услуг, которые являются аффилированными лицами и/или партнерами Компании;
- (b) не являются владельцами или являются владельцами незначительного количества ценных бумаг определенных эмитентов и/или партнеров Компании не менее 3 (трех) месяцев;
- (c) не участвуют в ПР, предлагаемых Компанией, или участвуют в незначительном количестве таких ПР;
- (d) не совершают или совершают в незначительном количестве торговые операции с использованием услуг Компании;
- (e) не имеют или имеют незначительно диверсифицированный портфель ликвидных финансовых инструментов;

- (b) белгілі бір эмитенттердің және/немесе Компанияның кемінде 3 (үш) ай серіктестерінің бағалы қағаздарының иеленушілері болып табылады;
- (c) Компания ұсынатын АО-ға қатысады;
- (d) Компанияның қызметтерін пайдалана отырып, сауда операцияларына белсенді түрде қатысады;
- (e) өтімді қаржы құралдарының әртараптандырылған портфеліне ие;
- (f) Компания өз қалауы бойынша анықтайтын және Клиентті хабардар ететін өзге де факторлар.

7.2 Компания Клиенттердің келесі топтары үшін Рейтингті төмендететін келесі факторларды қосымша есепке алуға құқылы, олар:

- (a) Компанияның үлестес тұлғалары және/немесе серіктестері болып табылатын қызмет жеткізушілердің клиенттері болып табылмайтын клиенттер немесе ондай қызмет жеткізушілердің біршама санының клиенттері болып табылатын клиенттер;
- (b) кемінде 3 (үш) ай бойы белгілі бір эмитенттердің және/немесе Компанияның серіктестерінің бағалы қағаздарының иеленушілері болып табылмайтын клиенттер немесе кемінде 3 (үш) ай бойы белгілі бір эмитенттердің және/немесе Компанияның серіктестерінің бағалы қағаздарының шамалы санының иеленушілері болып табылатын клиенттер;
- (c) Компания ұсынатын АО-ға қатыспайтын клиенттер немесе мұндай АО-дың шамалы санына қатысатын клиенттер;
- (d) Компанияның қызметтерін пайдалана отырып сауда операцияларын жасамайтын немесе шамалы санда жасайтын клиенттер;
- (e) өтімді қаржы құралдарының әртараптандырылған портфеліне ие емес немесе шамалысына ие;

<p>(f) иные факторы, которые Компания определяет по своему усмотрению и сообщает Клиенту.</p> <p>7.3 Клиент вправе запросить предоставление Компанией информации об эмитентах, партнерах, аффилированных и иных лицах, отношения Клиента с которыми влияет на Рейтинг.</p>	<p>(f) Компания өз қалауы бойынша анықтайтын және Клиентті хабардар ететін басқа факторлар.</p> <p>7.3 Клиент Компаниядан эмитенттер, серіктестер, үлестес және Клиентпен қарым-қатынасы Рейтингке ықпал ететін өзге де тұлғалар туралы туралы ақпарат беруді талап етуге құқылы.</p>
<p>8. Период блокировки</p>	<p>8. Бұғаттау кезеңі</p>
<p>8.1 Компания вправе устанавливать период блокировки (lockup period), то есть период, в течение которого Компания не принимает к исполнению поручения Клиента на продажу, перевод (списание), или иное распоряжение приобретенными в ходе ПР ценными бумагами (далее – Блокировка).</p> <p>Во избежание сомнений, в период Блокировки приобретенные в ходе ПР ценные бумаги не принимаются в расчет стоимости Активов в целях заключения Клиентом маржинальных сделок.</p> <p>8.2 Если иное не указано в Уведомлении, период Блокировки составляет 93 (девяносто три) дня с даты ПР.</p> <p>8.3 Клиент признает и соглашается на все ограничения периода Блокировки и освобождает Компанию от притязаний на возмещение любых убытков, потерь, недополученной прибыли, любых других исков и требований, которые могут возникнуть в результате периода Блокировки.</p> <p>8.4 В течение периода Блокировки Компания вправе предоставить Клиенту, имеющему статус профессионального инвестора в соответствии с Приложением 5 к Регламенту, возможность заключать форвардные контракты на соответствующие ценные бумаги, приобретенные в рамках ПР.</p> <p>Такой форвардный контракт может быть заключен только в пределах количества ценных бумаг, приобретенных в рамках ПР.</p> <p>Наличие или отсутствие соответствующей возможности Клиент может проверить в TraderNet.</p>	<p>8.1 Компания бұғаттау кезеңін (lockup кезеңін) анықтауға құқылы, яғни Компания Клиенттің АО барысында сатып алынған бағалы қағаздарды сату, аудару (есептен шығару) туралы немесе өзге де тапсырмасын орындауға қабылдамайтын кезеңді (бұдан әрі - Бұғаттау) анықтауға құқылы.</p> <p>Күмен тудырмас үшін, Бұғаттау кезеңінде АО барысында сатып алынған бағалы қағаздар, Клиентпен маржиналдық мәмілелер жасасу мақсаттарындағы Активтердің құнына есепке алынбайды.</p> <p>8.2 Егер Хабарламада өзгеше көрсетілмесе, Бұғаттау кезеңі АО жасалған күннен бастап 93 (тоқсан үш) күнді құрайды.</p> <p>8.3 Клиент Бұғаттау кезеңінің барлық шектеулерін мойындайды және олармен келіседі және Компанияны Бұғаттау кезеңінің нәтижесінде туындауы мүмкін кез келген залалдарды, шығындарды, жоғалған пайданы, кез келген басқа шағымдар мен талаптарды өтеу туралы талаптардан босатады.</p> <p>8.4 Бұғаттау кезеңінде Компания Регламентіне 5-қосымшамасына сәйкес кәсіби инвестор мәртебесіне ие Клиентке АО шеңберінде сатып алынған тиісті бағалы қағаздар бойынша форвардтық келісімшарттар жасасу мүмкіндігін бере алады.</p> <p>Мұндай форвардтық келісімшарт тек АО бойынша сатып алынатын бағалы қағаздар санының шегінде ғана жасалуы мүмкін.</p> <p>Клиент тиісті мүмкіндіктің болуын немесе болмауын TraderNet-те тексере алады.</p>
<p>9. Заключительные положения</p>	<p>9. Қорытынды ережелер</p>
<p>9.1 Клиент самостоятельно несет ответственность за обоснованность и последствия исполнения Компанией</p>	<p>9.1 Клиент Компанияның Тапсырманы орындауының негізділігі мен салдарлары үшін, соның ішінде Тапсырма</p>

<p>Поручения, в том числе за соответствие условий Поручения интересам Клиента и регулированию, применимому к Клиенту.</p>	<p>талаптарының Клиент мүдделеріне және Клиентке қолданылатын реттеуге сәйкестігі үшін дербес жауапты болады.</p>
<p>9.2 Компания вправе по своему усмотрению вносить в настоящие Условия дополнения и/или изменения в одностороннем порядке, предусмотренном в Регламенте.</p>	<p>9.2 Компания өз қалауы бойынша осы Шарттарға Регламентте көзделгендей біржақты тәртіпте толықтырулар және/немесе өзгерістер енгізуге құқылы.</p>
<p>9.3 Все иные условия оказания Компанией услуг, которые явным образом не определены в настоящих Условиях, определяются положениями Регламента.</p>	<p>9.3 Осы Шарттарда айқын түрде анықталмаған Компанияның қызметтерді көрсетуінің барлық өзге де талаптары Регламенттің ережелерімен айқындалады.</p>
<p>В случае противоречий между положениями настоящих Условий и положениями Регламента (в том числе с учетом внесения в Регламент изменений и дополнений), к отношениям Клиента и Компании применяются положения настоящих Условий.</p>	<p>Осы Шарттардың ережелері мен Регламенттің ережелері арасында қайшылықтар болған жағдайда (соның ішінде Регламентке енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) Клиент пен Қоғам арасындағы қатынастарға осы Шарттардың ережелері қолданылады.</p>